

## Жеке кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға салық патенттерін беруді реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылғы 19 тамыздағы N 136 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 22 қазанда тіркелді. Тіркеу N 407. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кеден комитеті төрағасының 1998.08.07. N 75 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті республикада жеке кәсіпкерлердің салық салудың патенттік жүйесі жағдайларындағы екі жылдық жұмысына, келіп түскен көптеген сұраулар мен ұсыныстарға талдау жасай келіп, жекелеген салық органдарында құндарды есептеп шығаруда және салық патенттерін беру барысында тәртіп бұзушылықтар мен кемшіліктерге, сондай-ақ салық патенттері құнының төмен көрсетілуіне орын берілгенін атап көрсетеді.

Одан басқа, жекелеген салық органдары салық патенті негізінде жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесін кеңейтіп жіберген Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Z952235\_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығының N 138-ші бабын бұза отырып, тауарларды, жұмыстарды ( қызметтерді) өткеру жөнінде айтартылтай айналымы бар, қолма-қол ақша қаражатымен, сондай-ақ есеп айырысу және өзге де шоттармен жұмыс істейтін жеке тұлғаларға салық патенттері бөліп беріліп отырған.

Салық патенті негізінде жеке кәсіпкерлік қызметімен шұғылданатын жеке тұлғаларға салық салуды басқаруды тәртіпке келтіру және жақсарту мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының аумағында салық патентінің негізінде жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі N 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Салық қызметі органдарының Z970135\_ "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 135-1 ҚРЗ заңына және "Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға салық қызметі органдарының Қазақстан Республикасының патенттерін беруінің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1126 Р951126\_ қаулысына сәйкес жеке кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға салық патенттерін беру тәртібі

реттелсін.

Республиканың салық органдары зерттеулердің, тексерулердің, хронометрлік, т.б. салық органы мәліметтерінің нәтижелерін пайдалана отырып, болжамды орташа айлық кірісті есептеп шығару жолымен жеке кәсіпкерлік қызметінің әрбір түрі бойынша салық патенті үшін төленетін төлемдердің мөлшерін бекітсін . Болжамды кірістің сомасы жоғарыда аталған Жарлықтың 28-бабында көзделген шегерімдердің сомасына кемітілуге тиіс. Бұл орайда шегерімдер жеке тұлғаларға тиісті құжаттарды тапсырған кезде және осы қызмет түрінің жүзеге асырылуы оның қызметінің негізі болып табылатын жағдайдаған беріледі.

3. Салық органдары жылдық шектеулі болжамды айналымы 4000 айлық есеп айырысу көрсеткішінен аспайтын жеке кәсіпкерлік қызметпен шүғылданатын жеке тұлғаларға салық патенттерін беретін болсын. Айналымның шекті мөлшері патенттің іспарағында көрсетілсін.

Белгіленген шектеулі айналым артып кеткен кезде (жылына 4000 айлық есеп айырысу көрсеткішіндегі) жеке тұлға бұл туралы салық патентін берген салық органдына хабарлауға міндетті. Бұдан соң салық органдары іс жүзінде алынған кірістер мен өндіріс шығындары жөніндегі салықтарды төлеудің тәртібін белгілейді.

4. Сатып алғанатын салық патентінің құнына салықтардың мынадай түрлері: табыс салығы, ағымдағы республикалық бюджетке сәйкес міндетті әлеуметтік табыс салығы және болжамды айналым жылына 1000 айлық есеп айырысу көрсеткішінен асып кеткен жағдайда - қосылған құн салығы. Салық патентінің құнына енгізілген салықтар жеке төлем құжаттарымен төленеді.

5. Мыналарға:

- салық патентінде көрсетілген жеке кәсіпкерлік қызметтің түрі мен мерзіміне ;
- салық патенті атына жазылып берілген жеке тұлға үшін;
- жүктөр мен жолаушыларды тасуға байланысты қызметпен шүғылдануға берілген салық патентінен басқа, салық патенттері берілген органдар кіретін ауданның (қаланың) аумағына берілген салық патенттері жарамды деп саналсын.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда кәсіпкерлер салық заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылуға тиіс.

6. Салық патентінің негізінде жеке кәсіпкерлік қызметпен шүғылданатын жеке тұлғалардың жалдамалы еңбекті пайдаланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар, бұл орайда жалдамалы қызметшілердің саны бес адамнан аспауға тиіс.

7. Салық органдары жеке тұлғаларға жалпы көлемі 20 шаршы метрден аспайтын, белгіленген жобалы орындарда (дүкеншілерде, сөрелерде) халық

тұтынатын тауарлар мен тамақ өнімдерін бөлшектеп сатуды жүзеге асыру үшін ғана, сауда саласындағы жеке кәсіпкерлік қызметпен шүғылдану үшін салық патенттерін берсін.

Жеке кәсіпкерлік қызметінің субъектілері ретінде салық органдарында тіркелмеген сауда базарларында сөрелерде, машиналар мен басқа да орындарда сауда жасайтын азаматтар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 955-ші қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды өткізу құқығы үшін алынатын алымдар туралы" ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды өткізу құқығы үшін алым төлеуге тиісті. <\*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің салық комитетінің 1997.09.30. N 55 бұйрығына сәйкес.  
V970055\_

8. Салық органдарының жеке тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағындағы салық патентінің негізінде жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесіне енбеген қызметтің түрлері үшін, салық патентін беруіне тыйым салынады.

9. Жоғарыда көрсетілген салық патенттерін беру тәртібі 1997 жылғы 20

қазаннан іске қосылсын, бекітілген тізбеге енбеген жеке кәсіпкерлік қызмет түрлеріне арналған салық патенттерінің күші жойылсын және жыл аяғына дейін берілген салық патенттері бойынша салықтарды қайтадан есептеу жүргізілсін.

10. Облыстар бойынша салық комитеттері 1997 ж. 20 қарашаға дейінгі мерзімде патенттің құнын бекітілген тізбеге сәйкес реттесін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 10-тармақпен толықтырылды, 10-тармақ 11-тармақ болып саналды - ҚР Қаржы министрлігінің салық комитетінің 1997.09.30. N 55 бұйрығына сәйкес.

V970055\_

11. Облыстар бойынша салық комитеттері 1997 жылдың 20 қарашасына дейінгі мерзімде бекітілген тізбеге сәйкес патенттің құнын реттесін.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төрағаның орынбасары  
Х.К. Махашовқа тапсырылсын.

Төраға

N 1 Қосымша

Қазақстан Республикасы аумағындағы салық патенті  
негізінде іске асатын жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерінің  
TİZİMİ

1. Тұтынатын тауарларды өндіру

1. Киім тігү және басқа да тігін өнімдерін шығару, тоқыма өнімдерін шығару.
2. Тері киімдер тігү.
3. Теріден бас киімдер тігү.
4. Тоқыма өнімдерін шығару.
5. Аяқкиім тігү.
6. Галантерея және бижутерия өнімдерін шығару.
7. Жасанды گүлдер және веноктарды шығару.
8. Жиһаздар басқа да ағаштан жасаған өнімдерді шығару.
9. Кілем бұйымдарын шығару.
10. Металдан жасайтын бұйымдарды шығару және орнату.
11. Жезден бұйымдар жасау.
12. Гүл және гүл шоқтарын өсіру.
13. Үй жануарларының терісі мен жүнін әзірлеу.
14. Автомобильдерге кимелер және төсөніштері шығару.
15. Сувенирлер мен ойыншықтар шығару
16. Шаруашылық заттарын шығару.
17. Ара өнімдерін өндіру.
18. Азық-тұлік тауарларын өндіру.

II. Жеке тұлғалардың тұрмыстық қызмет  
көрсетудегі қызметі

19. Металдан жасалған заттарды, қолшатырларды, тұрмыс машиналарын және басқа аспаптарды жөндеу.
20. Сағаттар жөндеу және граверлік жұмыстар.
21. Киімдерді, аяқ-киімдерді, бас киімдерді, теріден жасалған, тігін заттарының және галантереялық бұйымдарды жөндеу.

22. Фототүсіру, видеотүсіру және басқа да фотографиялық жұмыстар.
23. Компьютерлерді, радиотелевизиялық аппараттарды жөндеу.
24. Өткір құралдарды қайрау және жөндеу.
25. Кілттер жасау және құлыптарды жөндеу.
26. Құрылыш-жөндеу қызметтерін көрсету.
27. Автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет

<\*>

28. Доңғалақ жөндеу жұмыстары (автомобиль доңғалактарына вулканизация жасау).
29. Жеке тракторлары бар иелерге жер участкерін өндіреуге көмек көрсету.
30. Су көлігінде көңіл көтеру қызметін көрсету.
31. Жеке меншіктің малын бағу.
32. Шаштараздық, сол сияқты хирургиялық және емдеу қызметіне байланыссыз массаж және косметикалық қызмет көрсету.
33. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жеке автокөлік иелеріне көліктік қызмет көрсету.
34. Автокөліктегі жуу.
35. Мерекелер мен тойларға музикалық қызмет көрсету.
36. Мәтіндерді аудару.
37. Машина басу жұмыстары.
38. Музыка аспаптарын жөндеу және жөнге келтіру.
39. Дыбыс жазу.
40. Суреттер және портреттер салу.
41. Көбейту-басу техникасын жөндеу қызмет көрсету.

### III. Өлеуметтік-мәдени саладағы жеке тұлғалардың қызметі

42. Репетиторлық тәртіpte сабактар өткізу.
43. Дене шынықтыру, сауықтыру жұмысы.
44. Малдәрігерлік қызмет.
45. Киім тігуге, пішуге және тоқыма тоқуға үйрету.

### IV. Қызметтің басқа салалары

46. Коғамдық тамақтандыру (тұрақты сауда орындары

барлары үшін).

47. Салқын сусындар және балмұздақтар сату.
48. Тіске басатын (насыбай) темекі өзірлеу және оны сату.
49. Сайрайтын құстарды және басқа да құстарды өсіру және сату.
50. Кітап түптеу, құжаттарды өндіу.
51. Электрлік монтаж, сантехникалық-дәнекерлеу қызметтерін көрсету.
52. Жиһаздарды жөндеу және құрастыру.
53. Кітаптар мен журналдарды, газеттерді сату.
54. Үй жануарларын өсіру.
55. Жалпы көлемі 20 шаршы метрден аспайтын, белгіленген жобалы орындарда (дүкеншелерде, сөрелерде) халық тұтынатын тауарлар мен тамақ өнімдерін бөлшектеп сату

<\*>

Ескерту.

1. Өнім өндіру құқығына берілген салық патенті сол уақытта өз өнімдерінің тауарларын сатуға мүмкіндік береді Қазақстан Республикасы шегінде. <\*>

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің салық комитетінің 1997.09.30. N 55 бұйрығымен.

2. Жеке кәсіпкерлікпен айналысу көзделген қызмет алдын ала көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылдың 17 сәуірінде шыққан N 2200 Z952200\_ "Лицензиялау туралы" қаулысына сәйкес салық патенті лицензия алынғаннан кейін беріледі.

3. Өткізілетін тауарлар жөнінде оның сапалық сертификатын мен қайдан шыққанын растайтын барлық құжаттар болуға тиіс. <\*>

**ЕСКЕРТУ.** 2-тармақтың 2-абзацы 3-тармақ болып саналды және жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің салық комитетінің 1997.09.30. N 55 бұйрығымен.